

## «Бір тұтас тәрбие Адал азамат» бағдарламасы аясында, балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу»

Балабақшадағы тәрбиенің рөлі Мектепке дейінгі кезең – баланың ойлау қабілеті, сезімдік қабылдауы және әлеуметтік дағдылары қалыптасатын маңызды кезең. Мектепке дейінгі кезеңде баланың дүниетанымы қалыптасады. Осы уақытта ұлттық мазмұндағы ойындар, ертегілер, тақпақтар, мақал-мәтелдер арқылы баланың санасына ұлттық сана ұялайды. Осы жаста ұлттық құндылықтарды дарыту баланың ішкі жан-дүниесіне оң әсер етеді. Ұлттық тәрбие беру барысында келесі әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылады: • Халық ауыз әдебиеті үлгілері (ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер) арқылы адамгершілік ұғымдарын түсіндіру; • Қазақ ертегілері мен батырлар жырын оқу арқылы балалар батырлықты, әділдікті, мейірімділікті үйренеді. • Ұлттық ойындар арқылы ұжымда әрекет ету, батылдық, ептілік, тапқырлық дағдыларын дамыту; • Балаларға қазақтың ұлттық ойындарын үйрету — олардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, ұжыммен әрекет етуге баулиды

### Ұлттық құндылықтарды дамытудағы тәрбиешінің рөлі

Тәрбиешінің рөлі өте маңызды. Балабақша тәрбиешілері тек балаларға білім беру ғана емес, олардың ішкі дүниесін қалыптастырып, жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызады. Ұлттық құндылықтарды ұғындыруда тәрбиешінің өз халқының мәдениеті мен дәстүрін білуі, оны балаларға дұрыс жеткізе білуі керек. Сонымен қатар, тәрбиеші балалармен ұлттық дәстүрлерді ұстану, халық әндері мен күйлерін тыңдату арқылы қазақ халқының бай мұрасын жаңғыртып, баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Балабақшада біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтарды дамыту — болашақ ұрпақтың санасына ұлттық мәдениетіміздің құндылықтарын сіңіру үшін маңызды қадам. Осы арқылы балалардың ұлттық рухы мен ұлттық сана-сезімі қалыптасып, өз халқының тарихы мен дәстүрлерін құрметтейтін азаматтар өсіп жетіледі. Бұл процессте тәрбиешілер мен ұстаздардың рөлі зор, өйткені олар балаларға ұлттық құндылықтарды тек білім беру арқылы емес, жүректеріне жеткізу арқылы танытады.

